

# Постковидтық кезеңдегі тамақтану ерекшеліктері

**Біздің ойымызша, артық салмақ қазіргі пандемияда қосымша қауіп факторына айналуы мүмкін. Жалпы сөміздік пен «COVID-19» коронавирус инфекциясы арасында тікелей байланыс жоқ екеніне қарамастан, мұндай патологиясы бар науқастар ауру кезеңін ауыр еткізеді.**

Ұлыбританияның ұлттық денсаулық сақтау қызметі жаңа инфекциямен ауырғандардың үштен екісіне жуығының артық салмағы бар және мұндай адамдарда «COVID-19» ауруынан қайтыс болу ықтималдығы жоғары екенін айтады. Сарапшылар елдегі қарқынды терапия белімшелеріне түскен барлық науқастардың мәліметтерін талдап, 63%-ның артық салмақ пен сөміздікке бейім екенін анықтады. Сонымен бірге, дene салмағының индексі (ДСИ) 40-тан асатын, артық салмағы бар адамдарда ең көп асқыну қаупі бар.

Дене салмағының индексін 1869 жылы бельгиялық математик, социолог, ғылыми статистиканың негізін қалаушы Адольф Кетле жасаған. Бұл адамның салмағы мен бойы арасындағы сәйкестік дәрежесін бағалауда мүмкіндік береді. Алынған сандық мән салмақтың қалыпты шекте екендігін немесе ауытқу бар-жоғын көрсетеді.

Нью-Йорктегі академиялық денсаулық сақтау жүйесінде 2020 жылдың 1 наурызы мен 2 сәуірі аралығында ем қабылдаған, «COVID-19» зертханалық жағдайда расталған барлық пациентке талдау жасалды.

Галымдар коронавирус инфекциясымен ауруханаға түскен науқастардың жартысына жуығы (46%) 65 жастан асқаның анықтады. Сондай-ақ, ауруханаға ауыр сатыда коронавируспен және сөміздікпен ауырғандар жиі жатқызылатыны байқалған.

Зерттеуге сәйкес, тіпті 60 жасқа дейінгі адамдар сөміздікке үшіндең ауруханаға жатуға екі есе мүктаж. Зерттеушілер мұны сөміздіктің инфекцияға бейім екендігімен байланыстырады. Олардың иммундық жүйесі толықтай вируспен күресудің орнына бар күшін дененің артық майларын «жеуеге» жұмысады екен. Галымдардың зерттеулері көрсеткендегі пациент-



тердің жасы және сөміздік, жүрек-қан тамырлары аурулары сияқты ілеспелі дерптепі аурухана төсегіне жатқызуға себепкер.

Сөміздік науқастар үшін қатерлі ісікке қарағанда да қауіпті фактор болып саналады. Дүниежүзілік сөміздік федерациясының (WOF) мәліметтері бойынша бұл жағдай коронавирустық инфекцияның ағымын айтартықтай нашарлатады. 40 немесе одан жоғары ДСИ-мен ауруатын адамдарға қосымша күтім керек. Әсіресе, артық салмағы бар адамдар үшін инфекцияның алдын алу маңызды. Дүние жүзі бойынша сөміздіктің ете жоғары қарқынның ескере отырып, коронавирусты жүктырған адамдардың көпшілігінде ДСИ 25-тен жоғары болады деп күтілуде.

Сонымен қатар, қарқынды терапия кезінде сөміз адамдарды жүргізу күйіндіктар тузызады. Себебі, мұндай науқастарды интубациялау қын. Сондай-ақ, патологияның диагностикалық бейнесін алу (айткені, бейнелеу аппаратарында салмаққа шектеулер бар) онайға түспеу мүмкін.

Осылайша, дene салмағы бақылау денсаулықты сақтаудың ғана емес, сонымен қатар, ауыр «COVID-19» профилактикасының және постковидтық кезеңде оналтудың маңызды факторы болып табылады. Көптеген социологиялық зерттеулер көрсеткендегі, бұл үшін калория мәлшері төмен диетаны қолдану тиімді.

Тамақтану тәртібін бұзбай, сапалы азықтану ете маңызды. Ал, асты үақытыны немесе мезгілімен ішпеу, үйлесімсіз тамақтану (жоғары калориялы тағамдарды, фастфудтарды көп тұтыну), жеміс пен кекеністі аз пайдалану, дәрүмендер мен минералдардың, басқа биологиялық белсенді қосылыстардың жеткіліксіздігі адам ағзасына зиянын тигізбей қоймайды. Бұл бауырдың және басқа детоксикация органдарының антитоксикалық,

антисидантты белсенділігінің төмендеуіне, иммунитеттін, асқазан-ішек жолдары жұмысының бұзылудына, созылмалы аурулардың өршүіне екеледі.

Интоксикация әсіресе коронавирустық инфекциясы бар науқастарда айқын көрінеді. Ол тек аурудың зардабы ғана емес, сонымен қатар емдеу кезеңінде ете улы дәрілердің кабылдаудың салдары, науқастардың оқшауланған көңілкітке үзақ уақыт болуы, гиподинамия және т.б.

Сонымен қатар, ауруханадан шықканнан кейін интоксикация белгілері үзақ уақыт сақталуы мүмкін. Мысалы, әлсіздік, созылмалы шаршау, тершіндік, көрү және есту қабілеттерінің төмендеуі, бұлшық ет ауыруы пайда болады. Психо-эмоционалдық бұзылыштар жиі кездеседі, асқазан-ішек жолдарының патологиясы өршиді. Тыныс алу жүйесімен бірге асқазан-ішек жолдары да коронавирустың еніне «жакпа» екен белгілі.

Деректерді талдау бағысында карантин немесе өзін-өзі оқшаулау кезінде коронавирус инфекциясы бар науқастарды және жеке адамдарды детоксикациялау диеталық тағамдарды қолдану арқылы тиімді болтынына көз жеткіздік. Қазіргі уақытта біз осы ете маңызды оңалту аспектілерін талдау жатырмыз.

Өкінішке қарай, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің маңызды құжаттарының арасында коронавирус инфекциясы бар науқастарды ауруханадан шығарғаннан кейінгі оңалту кезеңінде диеталық тамақтанудыраға көшіру және оңалту үрдісі туралы ақпараттар тым тапшы екенін атап өткен жөн.

Жүқпалы ауруларда, оның ішінде коронавирус және постковидтік кезеңде дұрыс тамақтану пациенттерді сауықтыру және ауыр асқынудардың алдын алу үшін ете қажет. «COVID-19» инфекциясын жүктырған адамдар үшін және постковидтық кезең үшін тамақ мәзірінің маңызы зор. Әсіресе, инфекциямен күресу үшін иммундық жүйенің қоры қажет. Диетаны дұрыс сақтау иммундық жүйені нығайтуға және жүқпалы аурумен күрестеге көмектеседі.

**Сейсенкул ҚАЛҚАБАЕВА,  
Мәдениет атындағы ОҚУ-дың  
биология кафедрасының  
профессоры, медицина  
ғылымдарының докторы.**